

## Жетісай ауданының Қазыбек би ауылдық округі Алғабас елді мекеніне шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### ***Күшін жойған***

Түркістан облысы Жетісай ауданы Қазыбек би ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 17 қаңтардағы № 8 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 17 қаңтарда № 5376 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Жетісай ауданы Қазыбек би ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 20 наурыздағы № 31 шешімімен

**Ескеरту. Күші жойылды - Түркістан облысы Жетісай ауданы Қазыбек би ауылдық округі әкімінің 20.03.2020 № 31 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабының 2 тармағына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Жетісай аудандық аумақтық инспекция басшысының 2020 жылғы 16 қаңтардағы № 02-03/10 ұсынысы негізінде және жануарлардың жүқпалы ауруларының ошақтарын жою мақсатында Қазыбек би ауылдық округі әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жетісай ауданы Қазыбек би ауылдық округі, Алғабас елді мекенінің бір ірі қара малынан және үш иттерінен құтыру ауруының шығуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Жетісай ауданының "Қазыбек би ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімнің Жетісай ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау ауыл әкімінің орынбасары Б.Кадировке жүктелсін.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК